# NIS ARENA

**Қызмет көрсетуге арналған жария шарт (оферта)**
**Публичный договор (оферта) на оказание услуг**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Астана қ. | «01» Сәуір 2026ж. | г. Астана | «01» Апреля 2026г. |

NIS ARENA қызметтерін көрсету туралы осы Жария Шарт (оферта) (бұдан әрі — Шарт) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес **«NIS Ақпараттық технологиялар және сервис орталығы» жеке мекемесінің** (бұдан әрі — Орындаушы) атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Г.Ж. Бейсенбекованың **NIS ARENA** жабық спорт кешенінде спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізу үшін Орындаушының үй-жайларды ұсыну (бұдан әрі — Қызметтер) бойынша ақылы қызметтерді көрсетуі мақсатында тұлғалардың кең тобына арналған жария ұсыныс (оферат) болып табылады.

Осы Шарт Орындаушының осы Шарттың талаптарына қосылған тұлғаларға (жеке тұлға, жеке кәсіпкер, меншік нысанына қарамастан заңды тұлға) қызметтер көрсетуінің жалпы шарттарын айқындайды (бұдан әрі — Тапсырыс беруші).

Шарттың талаптарын Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес белгілейді және Тапсырыс беруші оларды тек Шартқа толық көлемде қосылу арқылы ғана қабылдайды.

Тапсырыс берушінің конклюденттік іс-әрекеттер жасауы оның Шарт талаптарымен сөзсіз келісетінін және оған толық көлемде қосылатынын білдіреді.

Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарына қосылуы және оларды қабылдауы (акцепті) тіркеу нысанын толтыру және Орындаушының Қызметтеріне ақы төлеу фактісімен расталады.

Настоящий Публичный Договор (оферта) об оказании услуг NIS ARENA (далее — Договор), в соответствии с пунктом 5 статьи 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан является публичным предложением (офертой) **Частное учреждение «Центр информационных технологий и сервиса NIS»** (далее — Исполнитель) в лице директора Бейсенбековой Г.Ж., действующей на основании Устава, для широкого круга лиц с целью оказания платных услуг Исполнителем по предоставлению помещений для спортивно-оздоровительных мероприятий крытого спортивного комплекса **NIS ARENA** (далее — Услуги).

Настоящий Договор определяет общие условия оказания Услуг Исполнителем лицам (физическое лицо, индивидуальный предприниматель, юридическое лицо независимо от формы собственности), присоединившимся к условиям настоящего Договора (далее — Заказчик).

Условия Договора устанавливаются Исполнителем самостоятельно в соответствии с законодательством Республики Казахстан и принимаются Заказчиком не иначе, как путем присоединения к Договору в целом.

Совершение Заказчиком конклюдентных действий означает его безусловное согласие с условиями Договора и присоединение к нему в целом.

Фактом присоединения и принятия (акцепта) Заказчиком условий настоящего Договора считается заполнение регистрационной формы и оплаты Услуг Исполнителя.

**1. Терминдер мен анықтамалар**

Осы Шартта төменде көрсетілген терминдер мен анықтамалар мынадай мағынаға ие болады:

1.1. **Шарт** – Тараптардың Қызметтерді көрсету кезіндегі өзара әрекеттесу тәртібін, NIS ARENA (**Шартқа № 1 қосымша**) жабық спорт кешенін пайдалану Ережелерін, оларға Қосымшаларды, Өтініштерді және толықтыруларды , сондай-ақ осы Шартта сілтемелер жасалған барлық қажетті құжаттаманы айқындайтын осы келісім;

1.2. **Тіркеу нысаны** – Тараптар екі данада (бір данасы Орындаушы үшін , екінші данасы Тапсырыс беруші үшін) қол қойған, Шарт бойынша қызметтер көрсетудің егжей-тегжейлі талаптарын **(Шартқа № 2 қосымша)** қамтитын бекітілген нысандағы бланк (өтінім).

1.3. **Өтінім** – Тапсырыс беруші тарапынан қағаз жеткізгіште немесе Орындаушының сайтында электрондық түрде өз бетінше қалыптастырылатын және Қызметтердің атауын, құрамын, саны мен көлемін, қолданылатын Тарифке (Бағалар прейскуранты) сілтемелерді, төлемдердің мөлшері мен тәртібін, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсету үшін айқындайтын басқа да ақпаратты қамтитын осы Шартқа толықтыру;

1.4. **Шарттың жалпы сомасы** – Орындаушыға оның осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындағаны үшін осы Шарт бойынша төленуі тиіс сома;

1.6. **Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі** – сенімхаттың немесе Тапсырыс берушінің басқа да ресми құжатының негізінде осы Шарт аясында Орындаушымен өзара қарым-қатынастарда Тапсырыс берушінің мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлға.

**1. Термины и определения**

В настоящем Договоре нижеперечисленные термины и определения будут иметь следующее значение:

1.1. **Договор** - настоящее соглашение, определяющее порядок взаимоотношений Сторон при оказании Услуг, Правила пользования крытого спортивного комплекса NIS ARENA (**Приложение № 1 к Договору**), Приложениями, Заявками и дополнениями к ним, а также со всей необходимой документацией, на которую в настоящем Договоре имеются ссылки;

1.2. **Регистрационная форма** – это бланк (заявка) в утвержденной форме, подписанный Сторонами в двух экземплярах (один экземпляр для Исполнителя, второй экземпляр для Заказчика), который содержит детализированные условия оказания услуг по Договору **(Приложение № 2 к Договору).**

1.3. **Заявка** - дополнение к настоящему Договору, формируемое Заказчиком самостоятельно на бумажном носителе или в электронном виде на сайте Исполнителя, и отражающее наименование, состав, количество и объем Услуг, указания на применяемый Тариф (Прейскурант цен), размер и порядок платежей, а также при необходимости другую информацию, определяемую Исполнителем для оказания Услуг Заказчику;

1.4. **Общая сумма Договора** - которая должна быть уплачена Исполнителю по настоящему Договору за полное и надлежащее исполнение им всех своих обязательств по настоящему Договору;

1.6. **Уполномоченный представитель Заказчика** - лицо, уполномоченное на основании доверенности, или иного официального документа Заказчика, на представление его интересов в рамках настоящего Договора во взаимоотношениях с Исполнителем;

1.7. **Тариф (Бағалар прейскуранты)** – Орындаушы Шартқа сәйкес көрсететін белгілі бір Қызмет үшін біржолғы мөлшерлемелер және/немесе мерзімді төлемдер түріндегі төлем мөлшері, ол Орындаушының Интернет-ресурсында https://cits.nis.edu.kz/ мекенжайы бойынша орналасқан (**Шартқа № 3 қосымша**).

1.8. **Күн** – жұмыс күні, басқасы айқын көрсетілмесе;

1.9. **Сұрау** – Тапсырыс берушінің өтініші (хабарламасы), ол осы Шартқа және оған толықтыруларға сәйкес қолдауға, ақпарат, консультация немесе құжаттама ұсынуға бағытталған;

1.10. **Шағым** – Оқыс оқиға туындаған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған және/немесе дұрыс орындалмаған жағдайда бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін талап (хабарлама, хат және т.б.);

1.11. **Тараптар** – Тапсырыс беруші мен Орындаушы бірге.

**2. Шарттың Мәні**

2.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтерді өтінімдер негізінде көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдауға және оларға ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Қызметтер тізбесі, олардың сипаттамасы (ерекшеліктері) және оларды ұсыну шарттары, сондай-ақ олардың бағалары Орындаушының https://cits.nis.edu.kz/ Интернет-ресурсында жалпыға қолжетімді түрде орналастырылған және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.3. Қызметтердің тізбесі, сипаттамалары, егжей-тегжейлері, оларды көрсетудің басталу күні Тапсырыс берушінің Қызметтерді көрсетуге Өтінімімен айқындалады.

1.7. **Тариф (Прейскурант цен)** - размер оплаты за определенную Услугу, оказываемую Исполнителем по Договору в виде единовременных ставок и/или периодических платежей, размещаемых на Интернет-ресурсе Исполнителя по адресу: https://cits.nis.edu.kz/ (**приложение № 3 к Договору**).

1.8. **День** - рабочий день, если явно не указано иное;

1.9. **Запрос** - обращение (уведомление) Заказчика, направленное в соответствии с настоящим Договором и его дополнениями на поддержку, предоставление информации, консультации или документации;

1.10. **Претензия** - требование (уведомление, письмо, требование и т.д.), направленное одной Стороной другой Стороне в случае возникновения Инцидента, неисполнения и/или ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору;

1.11. **Стороны** - совместно Заказчик и Исполнитель.

**2. Предмет Договора**

2.1. В соответствии с условиями Договора Исполнитель обязуется оказывать Услуги Заказчику на основании Заявок, а Заказчик обязуется принимать оказанные Услуги и оплачивать их.

2.2. Перечень Услуг, их описание (характеристики) и условия их предоставления, а также цены на них размещены в публичном доступе на Интернет-ресурсе Исполнителя https://cits.nis.edu.kz/, и являются неотъемлемой частью настоящего Договора.

2.3. Перечень, характеристики, детализация Услуг, дата начала их оказания определяются Заявкой Заказчика на предоставление Услуг.

**3. Қызметтер көрсету тәртібі**

3.1. Осы Шарт аясында Қызметтер көрсету онда рәсімделген Өтінім болған кезде жүзеге асырылады және, егер Өтінімде немесе төлем шотында басқасы көзделмесе, Орындаушы ұсынған шот бойынша Тапсырыс берушіден алдын ала төлем түскен сәттен басталады.

3.2. Қызметтер Орындаушы тарапынан Тапсырыс берушіні сәйкестендіруден кейін ұсынылады.

3.3. Тапсырыс берушіні сәйкестендіру журналда немесе Орындаушының сайтында тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

3.4. Тіркеу кезінде Тапсырыс беруші https://cits.nis.edu.kz/ мекенжайында орналастырылған талаптарды сақтайды, шынайы жеке деректерді ұсынады, Шартпен танысады және Шарт бойынша қызметтерді тиісінше көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға қажетті көлемде жеке деректерді Өңдеуге келісім береді.

3.5. Қызметтер ұсынуға өтінім Тапсырыс беруші тарапынан өз бетінше қалыптастырылады және Орындаушы белгілеген нысан бойынша қағаз жеткізгіште Орындаушымен келісіледі, кейіннен Өтінім деректері Орындаушының журналына енгізіледі.

3.6. Егер Орындаушымен басқасы келісілмесе, Қызметтерді көрсету (ұсыну) үшін жеткілікті мөлшерде алдын ала төленген ақшалай қаражаттың Орындаушының балансында болуы Қызметтерді көрсетуге (ұсынуға) негіз болып табылады.

3.7. Қызметтерді ресімдеу (тапсырыс беру) үшін Тапсырыс беруші тиісті Өтінімді орналастырады және Шартқа қосылғанын растайды, ал Өтінімде көзделген көрсетілетін Қызметке қандай да бір өзгеріс енгізілген кезде, Тараптар келесі қағидаларды басшылыққа алады:

1) көрсетілетін Қызметтің қандай да бір параметрлері (техникалық, баға немесе басқа)

**3. Порядок оказания услуг**

3.1. Оказание Услуг в рамках настоящего Договора осуществляется при наличии оформленной в нем Заявки, и начинается с момента поступления от Заказчика предоплаты по выставленному Исполнителем счету, если иное не предусмотрено в Заявке или счете на оплату.

3.2. Предоставление Услуг Исполнителем после идентификации Заказчика.

3.3. Идентификация Заказчика осуществляется путем регистрации в журнале или на сайте Исполнителя.

3.4. При регистрации Заказчик соблюдает требования, размещенные по адресу: https://cits.nis.edu.kz/, предоставляет достоверные персональные данные, знакомится с Договором, и предоставляет согласие на Обработку персональных данных в объеме, необходимом для надлежащего оказания услуг по Договору, и соблюдения действующего законодательства Республики Казахстан.

3.5. Заявка на предоставление Услуги формируется Заказчиком самостоятельно и согласовывается с Исполнителем на бумажном носителе по форме, установленной Исполнителем, с последующим занесением данных Заявки в журнал Исполнителя.

3.6. Основанием для оказания (предоставления) Услуг Заказчику является наличие предоплаты денежных средств на балансе Исполнителя, достаточной для оказания (предоставления) Услуг, если иное не согласовано с Исполнителем.

3.7. Для оформления (заказа) Услуг Заказчик размещает соответствующую Заявку и подтверждает присоединение к Договору, а при каком-либо изменении предоставляемой Услуги, предусмотренной Заявкой Стороны руководствуются следующими правилами:

1) при изменении каких-либо параметров (технических, ценовых или других)

өзгерген кезде Тапсырыс беруші қосымша Өтінім орналастырады. Бұл ретте бұрын қолданыста болған Өтінім жаңа параметрлермен Қызмет көрсету басталған сәттен бастап жойылады;

2) көрсетілетін Қызметтердің көлемі өзгерген кезде (қосымша қызметтер, құрамның кеңеюі, санның ұлғаюы), егер бұл ретте Тапсырыс беруші өзіне ұсынылып жатқан Қызметтен бас тартпаса, Тапсырыс беруші Қызметтерге жаңа Өтінім орналастырады. Бұл ретте бұрын қабылданған Өтінім жаңадан орналастырылған Өтініммен қатар бір мезгілде қолданыста болады.

3.8. Орындаушы Тараптармен келісілген Өтінімдер негізінде Тапсырыс беруші алатын Қызметтердің есебін жүргізеді және осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтер үшін шоттар ұсынады.

3.9. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде екі Тарап та өздеріне қатысты барлық шарттар мен талаптарды, оның ішінде ұлттық заңнамада және осы Шартта көзделген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенеді.

3.10. Орындаушы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің атынан барлық Өтінімдерді, сұрауларды, шағымдарды, басқа да ақпарат пен құжаттаманы тек Тапсырыс беруші Орындаушымен байланысу және Шарт бойынша барлық мәселелерді шешу үшін өз тарапынан белгілеген оның Уәкілетті өкілі арқылы ғана қабылдайды. Өкілеттіліктер көлемінің өзгергені және/немесе өзінің Уәкілетті өкілінің ауысқаны туралы Орындаушыны уақтылы хабардар етуге Тапсырыс беруші жауапты болады.

3.11. Егер Тапсырыс берушінің талаптары Орындаушының техникалық мүмкіндіктері шегінен тыс болса, Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсетуден бас тартуға құқылы.

3.12. Орындаушы келесі жағдайларда барлық мән-жайлар анықталғанға дейін және/немесе бұзушылықтардың (шектеулердің)

предоставляемой Услуги Заказчиком размещается дополнительная Заявка. При этом ранее действовавшая Заявка аннулируется с момента начала предоставления Услуги с новыми параметрами;

2) при изменении объемов предоставляемых Услуг (дополнительные услуги, расширение состава, увеличение количества), если при этом Заказчик не отказывается от уже предоставляемой ему Услуги, Заказчиком размещается новая Заявка на Услуги. При этом ранее принятая Заявка продолжает действовать одновременно с вновь размещенной Заявкой.

3.8. Исполнитель на основании согласованных Сторонами Заявок ведет учет получаемых Заказчиком Услуг, и выставляет счета за предоставляемые Услуги по настоящему Договору.

3.9. При выполнении своих обязательств по Договору обе Стороны обязуются строго выполнять относящиеся к ним условия и требования, в том числе, предусмотренные национальным законодательством, и Договором.

3.10. Исполнитель принимает все Заявки, запросы, претензии, иную информацию и документацию от имени Заказчика по Договору только через его Уполномоченного представителя, определенного Заказчиком со своей стороны для контактов с Исполнителем и решения всех вопросов по Договору. Ответственность за своевременное извещение Исполнителя об изменении объема полномочий и/или смене своего Уполномоченного представителя несет Заказчик.

3.11. Исполнитель вправе отказать Заказчику в предоставлении Услуг, если требования Заказчика выходят за рамки технических возможностей Исполнителя.

3.12. Исполнитель имеет право не предоставлять, приостановить или ограничивать предоставление Услуг до

себептері жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетпеуге, оларды тоқтатуға немесе шектеуге құқылы:

1) тіркеудің және Қызметті ұсынуға қалыптастырылған Өтінімнің болмауы;

2) Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтері үшін төлемді осы Шарттың 5-бөлімінде белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда, сондай-ақ Тапсырыс беруші Шарт бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаған жағдайда;

3) тиісті өзара қарым-қатынастарды реттейтін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттіктерге ие уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша;

4) Тапсырыс беруші Шартты бұзған кезде;

5) Тапсырыс беруші Қызметтерді пайдалану салдарынан Орындаушыға немесе оның клиенттеріне мүліктік зиян келтірудің ықтимал қауіптері туындаған кезде;

6) Тапсырыс беруші Шарттың 4.3.11-тармақшасында көрсетілген жағдайларды тергеп-тексеруге жәрдемдесуден бас тартқан немесе жалтарған кезде;

Қызметтерді пайдаланудың атап өтілген жағдайлары анықталған кезде, Орындаушы пайдаланылмаған кезең үшін қалған соманы қайтармай, Қызметтерді көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

3.13. Тапсырыс беруші бұзушылықтарды жою бойынша Орындаушының талаптарын орындағанға дейін Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру Тапсырыс берушінің Шарт, Келісім бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындауын жоймайды.

3.14. Шарттың 3.12-тармағында көрсетілген себептер бойынша Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру уақыты Қызметтер көрсетудегі үзіліс болып есептелмейді және Орындаушының Шартта, Келісімде көзделген

выяснения всех обстоятельств и/или устранения причин нарушений (ограничений) в следующих случаях:

1) отсутствие регистрации и сформированной Заявки на предоставление Услуги;

2) непоступление оплаты Заказчиком Услуг Исполнителя в сроки, установленные разделом 5 настоящего Договора, а также в случае неисполнения Заказчиком какого-либо из своих обязательств по Договору;

3) по решению уполномоченного государственного органа, регулирующего соответствующие взаимоотношения и обладающего полномочиями в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

4) при нарушении Заказчиком Договора;

5) при возникновении потенциальных рисков причинения имущественного вреда Исполнителю или его клиентам, вследствие использования Услуг Заказчиком;

6) при отказе или уклонении Заказчика от содействия в расследовании случаев, указанных в п. 4.3.11. Договора;

В случаях обнаружения перечисленных случаев использования Услуг Исполнитель оставляет за собой право отказать в предоставлении Услуг без возврата оставшейся суммы за неиспользованный период.

3.13. Приостановление оказания Услуг до выполнения Заказчиком требований Исполнителя по устранению нарушений не отменяет выполнения Заказчиком всех своих обязательств по Договору, Соглашению.

3.14. Время приостановления оказания Услуг по причинам, указанным в п. 3.12 Договора, не считается перерывом в оказании Услуг и не может рассматриваться как нарушение Исполнителем своих обязательств, предусмотренных Договором, Соглашением.

өз міндеттемелерін бұзуы ретінде қарастырылмайды.

3.15. Орындаушы сұрау бойынша Тапсырыс берушіге Қызметтерді тоқтата тұру немесе шектеу себептері көрсетілген хабарлама жібереді.

3.16. Қызметтер көрсету Қызметтерді төлеу бойынша берешектің болуы себебінен тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші, егер тиісті Қызмет бойынша Келісімде басқасы көзделмесе, Қызмет тоқтатылған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей берешек сомасын төлей отырып, Қызметтер көрсетуді жаңартуға (Қызметке қолжетімділікті алуға) құқылы. Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметке қолжетімділікті Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражат түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ашады.

3.17. Көрсетілген жеті күндік мерзім өткеннен кейін Орындаушы тоқтатылған Қызмет бойынша Тапсырыс берушінің деректерін жояды және Қызметтер көрсетуді жаңарту мүмкін болмайды. Егер тиісті Қызмет бойынша Келісімде басқасы көзделмесе, Тапсырыс беруші Қызметтерді алу үшін Өтінімді қайта рәсімдеуі қажет.

3.18. Қызметтер көрсету мерзімдері жеке сипатта болады және Орындаушы тарапынан Өтінімде белгіленеді.

3.19. Орындаушы үшінші тұлғалардың (меншік иесінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың) шешімдері негізінде Тапсырыс берушіге көрсетілетін аталған Қызметтерді шектеу/тоқтату үшін жауапты болмайды және, егер үшінші тұлғалардың тиісті шешімінде басқасы көзделмесе, Тапсырыс берушіге қандай да бір ақшалай өтемақы төлемейді.

**4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

Шарттың басқа бөлімдерінде қамтылған міндеттемелер мен құқықтардан бөлек,

3.15. Исполнитель по запросу направляет Заказчику уведомление с указанием причин приостановления или ограничения Услуг.

3.16. В случае приостановления оказания Услуг по причине наличия задолженности по оплате Услуг Заказчик вправе возобновить оказание Услуг (получить доступ к Услуге) путем оплаты суммы задолженности по Услугам не позднее 7 (семи) календарных дней с момента приостановления Услуги, если иное не предусмотрено в Соглашении по соответствующей Услуге. Исполнитель открывает Заказчику доступ к Услуге в течение 1 (одного) рабочего дня с момента поступления денежных средств на расчетный счет Исполнителя.

3.17. По истечении указанного семидневного срока Исполнитель удаляет данные Заказчика по приостановленной Услуге, и возобновление оказания Услуг невозможно. Для получения Услуг Заказчику необходимо вновь оформить Заявку, если иное не предусмотрено в Соглашении по соответствующей Услуге.

3.18. Сроки оказания Услуг являются индивидуальными и устанавливаются Исполнителем в Заявке.

3.19. Исполнитель не несет ответственности за ограничение/прекращение оказания Заказчику указанных Услуг на основании решений третьих лиц (собственник, уполномоченные государственные органы), и не производит Заказчику каких-либо возмещений в денежном выражении, если соответствующим решением третьих лиц не предусмотрено иное.

**4. Права и обязанности сторон**

Помимо обязательств и прав, которые содержатся в других разделах Договора, Стороны имеют следующие обязанности и права:

Тараптардың келесі міндеттері мен құқықтары бар:

**4.1. Орындаушының міндеттері:**

4.1.1. Тапсырыс берушіге Қызметтерді Өтінімге сәйкес тиісті түрде, көлемде және мерзімдерде көрсету;

4.1.2. Тапсырыс берушінің Қызметтерді пайдалану және төлеу көлемін есепке алуды жүргізу;

4.1.3. көрсетілетін Қызметтердің сапасына бақылау жүргізу;

4.1.4. ҚР қолданыстағы заңнамасында, Шартта және оған Қосымшаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушіден тіркеу кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау;

4.1.5. Тапсырыс берушіні Қызметтерге тарифтердің (Бағалар прейскурантының), Қызметтер көрсету шарттарының және Шарттың басқа да талаптарының өзгергені туралы Орындаушының Интернет-ресурсында (https://cits.nis.edu.kz/) осындай ақпаратты жалпыға қолжетімді түрде орналастыру арқылы хабардар ету. Қажет болған жағдайда және Орындаушының қалауы бойынша хабарлау жіберілім жолымен жүзеге асырылуы мүмкін;

4.1.6. сұрау бойынша Тапсырыс берушіге Қызметтерді төлеуге есепшоттар ұсыну;

4.1.7. қажет болған жағдайда көрсетілген қызметтердің/орындалған жұмыстардың актілерін, шот-фактураларды Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес ұсыну;

4.1.8. Тапсырыс берушіге оның Уәкілетті өкілінің электрондық поштасы арқылы немесе Орындаушының Интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыру жолымен Қызметтерді пайдаланудың мүмкін еместігіне әкеп соғуы мүмкін жоспарлы профилактикалық жұмыстар, сондай-ақ электрмен жабдықтаудың жоспарлы өшірілуі туралы тиісті Қызмет бойынша келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде хабарлау;

**4.1. Исполнитель обязуется:**

4.1.1. оказывать Заказчику Услуги надлежащим образом, в объеме и в сроки, согласно Заявке;

4.1.2. вести учет объема использования и оплаты Услуг Заказчиком;

4.1.3. вести контроль качества оказываемых Услуг;

4.1.4. сохранять конфиденциальность информации Заказчика, полученной от него при регистрации, за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством РК, Договором и Приложениями к нему;

4.1.5. извещать Заказчика об изменении тарифов (Прейскурант цен) на Услуги, условий оказания Услуг и других условий Договора путем размещения такой информации в публичном доступе на Интернет-ресурсе Исполнителя (https://cits.nis.edu.kz/). При необходимости, и по усмотрению Исполнителя, извещение может быть осуществлено путем рассылки;

4.1.6. выставлять по запросу Заказчику счета на оплату Услуг;

4.1.7. предоставлять акты оказанных услуг/выполненных работ, счета-фактуры при необходимости, в установленном Договором, законодательством Республики Казахстан порядке;

4.1.8. сообщать Заказчику по электронной почте Уполномоченного представителя Заказчика или путем размещения соответствующей информации на Интернет-ресурсе Исполнителя, о планируемых профилактических работах, влекущих за собой невозможность использования Услуг, а также о планируемом отключении электроснабжения в порядке и сроки, предусмотренные в Соглашении по соответствующей Услуге;

4.1.9. Тапсырыс берушінің өтініші бойынша тиісті Қызмет бойынша Келісімде көзделген тәртіппен және көлемде Қызметтерді көрсету барысында бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою;

4.1.10. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтерді көрсетуге байланысты ақпаратты ұсыну;

4.1.11. Тапсырыс берушінің (жеке тұлғаның) жеке деректерін өңдеуді жүзеге асыру, сондай-ақ өңделетін жеке деректердің құпиялылығы мен қорғалуын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес қамтамасыз ету.

**4.2. Орындаушының құқықтары:**

4.2.1. көрсетілген Қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алу;

4.2.2. егер Тапсырыс берушінің кінәсі немесе бастамасы бойынша нақты көрсетілген Қызметтер көлемі Өтінімде және осы Шарттың талаптарында көзделген Қызметтер көлемінен асып кетсе, Тапсырыс берушіден расталған шығындарға қосымша ақы төлеуді талап ету (Тапсырыс берушіден өндіру);

4.2.3. Тапсырыс берушіден төлем түспеген немесе толық көлемде түспеген жағдайда, Тапсырыс беруші тапсырыс берген Қызметтердің барлық көлемі үшін төлем түскенге дейін Қызметтер көрсетуді алдын ала ескертусіз тоқтата тұру;

4.2.4. Шарттың 3.12-тармағында көзделген жағдайларда Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру (Қызметтерге қолжетімділікті шектеу/өшіру);

4.2.5. Шарттың 7-бөлімінде және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзу;

4.2.6. Қызметтерді көрсету шарттарын, Қызметтердің бағаларын (тарифтерді өзгерту, енгізу, алып тастау (Бағалар прейскуранты)), төлем мерзімдерін, Қызметтер тізбесін, түрлері мен құрамын және Шарттың басқа да талаптарын біржақты тәртіппен өзгерту, осындай өзгерістер туралы хабарламаларды

4.1.9. по обращению Заказчика, устранять нарушения, недостатки оказания Услуг в порядке и объеме, предусмотренными в Соглашении по соответствующей Услуге;

4.1.10. предъявлять по требованию Заказчика информацию, связанную с оказанием Услуг;

4.1.11. осуществлять обработку персональных данных Заказчика (физического лица), а также обеспечить конфиденциальность и защиту обрабатываемых персональных данных в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Договором.

**4.2. Исполнитель вправе:**

4.2.1. своевременно и в полном объеме получать оплату за оказанные Услуги;

4.2.2. требовать от Заказчика (взыскать с Заказчика) дополнительную оплату подтвержденных расходов, если по вине или инициативе Заказчика объем фактически оказанных Услуг превысил объем Услуг, предусмотренных Заявкой и условиями настоящего Договора;

4.2.3. в случае непоступления оплаты от Заказчика, поступления оплаты не в полном объеме, без предварительного уведомления приостановить оказание Услуг до поступления оплаты за весь объем заказанных Заказчиком Услуг;

4.2.4. приостановить оказание Услуг (ограничить/отключить доступ к Услугам) Заказчику в случаях, предусмотренных в п. 3.12 Договора;

4.2.5. расторгнуть Договор в одностороннем внесудебном порядке в случаях, предусмотренных разделом 7 Договора и законодательством РК;

4.2.6. изменять в одностороннем порядке условия оказания Услуг, цены на Услуги (изменять, вводить, исключать тарифы (Прейскурант цен), сроки оплаты, перечень, виды и состав Услуг и другие условия Договора, публикуя уведомления о таких изменениях на сайте Исполнителя https://cits.nis.edu.kz/, не

Орындаушының https://cits.nis.edu.kz/ сайтында өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жариялау;

4.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес Қызметтерді көрсету үшін қажетті және Тапсырыс беруші міндетті түрде сақтауы тиіс техникалық талаптарды белгілеу;

4.2.8. Тапсырыс берушінің жеке деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және оған Қосымшаларға сәйкес жүзеге асыру;

4.2.9. Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген тәртіппен, оның ішінде даусыз тәртіппен берешекті өндіріп алу туралы талаптар қою;

4.2.10. Тапсырыс беруші Қызметтерді төлеу бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, осындай берешекті өндіріп алу үшін үшінші тұлғаларды тарту;

4.2.11. Қызметті пайдалану аясында Тапсырыс берушінің жекелеген іс-әрекеттерін, егер мұндай әрекеттер Орындаушының инфрақұрылымының/ресурстарының қалыпты жұмыс істеуіне қауіп төндірсе және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Шартта көзделген талаптарды бұзса, толық немесе ішінара шектеуді жүзеге асыру;

4.2.12. Тапсырыс берушінің Шарт талаптарын бұзуы нәтижесінде Орындаушыға келтірілген залалдарды өтеуді талап ету және/немесе Шартты біржақты тәртіппен бұзу;

4.2.13. Осы Шарт бойынша өз міндеттерін Тапсырыс берушіні алдын ала 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, Орындаушының Интернет-ресурсында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы үшінші тұлғаға беру.

менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до вступления изменений в силу;

4.2.7. устанавливать в соответствии с законодательством Республики Казахстан, другими нормативными документами, технические требования, необходимые для предоставления Услуг, и обязательные для соблюдения Заказчиком;

4.2.8. осуществлять сбор, обработку, хранение, передачу персональных данных Заказчика в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Договором и Приложениями к нему;

4.2.9. предъявлять к Заказчику требования о взыскании задолженности в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и Договором, в том числе в бесспорном порядке;

4.2.10. в случае нарушения Заказчиком обязательств по оплате Услуг, привлекать для взыскания такой задолженности третьих лиц;

4.2.11. осуществлять полное или частичное ограничение отдельных действий Заказчика в рамках использования Услуги, если такие действия создают угрозу для нормального функционирования инфраструктуры/ресурсов Исполнителя и/или нарушают требования, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором;

4.2.12. требовать возмещение причиненных убытков, понесенных Исполнителем, в результате нарушений Заказчиком условий Договора и/или расторгнуть Договор в одностороннем порядке;

4.2.13. передать свои обязанности по настоящему Договору третьему лицу с предварительным уведомлением Заказчика за 15 (пятнадцать) календарных дней, путем размещения соответствующего уведомления на Интернет-ресурсе Исполнителя.

**4.3. Тапсырыс берушінің міндеттері:**

4.3.1. Орындаушы сұратқан барлық қажетті деректерді, ақпаратты және Орындаушының Қызметтерді көрсетуі үшін қажетті құжаттарды ұсыну;

4.3.2. Орындаушының Қызметтерін Шартта және оған қосымшаларда белгіленген мөлшерде және мерзімдерде, сондай-ақ Қызметтерді көрсету аясында Орындаушы тарапынан ұсынылған басқа да есептеулерді, төлемдерді уақтылы қабылдау және толық көлемде төлеу;

4.3.3. Қызметтер көрсетуге байланысты және Орындаушының Интернет-ресурсында орналастырылатын ақпаратпен айына кемінде бір рет танысу ( https://cits.nis.edu.kz/);

4.3.4. Орындаушыдан төлем шоттарының, шот-фактуралардың, көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актілерінің және басқа да бухгалтерлік құжаттардың уақтылы алынуын өз бетінше қадағалау;

4.3.5. көрсетілген деректерді жосықсыз және рұқсатсыз пайдалануға жол бермеу мақсатында өз деректерінің құпиялылығын өз бетінше қамтамасыз ету және оның деректерін пайдалана отырып жасалған барлық іс-әрекеттер үшін жауапты болу, олардың жоғалуына байланысты жағымсыз салдардың болу қаупін өз мойнына алу. Деректерді рұқсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде Орындаушыға дереу хабарлау;

4.3.6. Орындаушының инфрақұрылымының жұмыс істеуінің бұзылуына және Қызметтерді көрсетудегі ағаттықтарға әкелетін әрекеттер жасамау;

4.3.7. Қызметтерді пайдалану кезінде Орындаушы белгілеген техникалық талаптарды орындау;

4.3.8. Орындаушыға Қызметтерді пайдалану кезінде туындаған кемшіліктер, мәселелер туралы дереу хабарлау;

**4.3. Заказчик обязуется:**

4.3.1. предоставить все необходимые запрашиваемые Исполнителем данные, информацию и документы, необходимые для оказания Услуг Исполнителем;

4.3.2. своевременно принимать и в полном объеме оплачивать Услуги Исполнителя в размере и в сроки, установленные Договором и приложениями к нему, а также иные начисления, платежи, выставленные Исполнителем в рамках оказания Услуг;

4.3.3. не реже одного раза в месяц знакомиться с информацией, связанной с предоставлением Услуг, и размещаемой на Интернет-ресурсе Исполнителя ( https://cits.nis.edu.kz/);

4.3.4. самостоятельно следить за своевременным получением счетов на оплату, счетов-фактур, актов оказанных услуг/выполненных работ и иных бухгалтерских документов от Исполнителя;

4.3.5. самостоятельно обеспечивать конфиденциальность своих данных в целях недопущения недобросовестного и несанкционированного использования указанных данных, и нести ответственность за все действия, совершенные с использованием его данных, нести риск неблагоприятных последствий, связанных с их утратой. При обнаружении фактов несанкционированного использования данных незамедлительно сообщать Исполнителю;

4.3.6. не совершать действия, приводящие к нарушению функционирования инфраструктуры Исполнителя, к сбою в оказании Услуг;

4.3.7. выполнять установленные Исполнителем технические требования при пользовании Услугами;

4.3.8. немедленно сообщать Исполнителю о недостатках, проблемах, возникших при пользовании Услугами;

4.3.9. Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаларға Орындаушыны хабардар ете отырып беру;

4.3.10. Қызметтерді ҚР заңнамасының талаптарын бұзу мақсатында пайдалануға жол бермеу;

4.3.11. Қызметтерді көрсетудегі жоспарланбаған үзілістердің мән-жайлары мен себептерін, қауіпсіздік талаптарының бұзылуын анықтаған (зерттеген) кезде және Шарттың және оның ажырамас бөліктерінің (келісімдер, өтінімдер, қағидалар) талаптарының бұзылуына күмән туындаған жағдайда Орындаушыға жәрдемдесу;

4.3.12. Тапсырыс берушінің Уәкілетті өкілін тіркеу кезінде айқындау, Орындаушыға оның байланыс деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, атқаратын лауазымы, жұмыс және ұялы телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы) ұсыну. Мұндай тұлға ауысқан жағдайда немесе оның байланыс деректері өзгерген жағдайда, бұл туралы Орындаушыға 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабарлау;

4.3.13. Қызметтерден бас тартқан жағдайда бұл туралы Орындаушыны кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабардар ету, берешекті өтеу және Қызметтерді көрсетуді тоқтату күніне дейін көрсетілген Қызметтердің құнын төлеу;

**4.4. Тапсырыс берушінің құқықтары:**

4.4.1. Орындаушының қызметтерін осы Шартта белгіленген тәртіппен төленген өзіне қажетті көлем шегінде пайдалану;

4.4.2. қосымша Қызметтерге Шартта және Орындаушының басқа да құжаттарында көзделген тарифтерге (Бағалар прейскурантына) және талаптарға сәйкес, Шарттың 3.7-тармағында көзделген тәртіппен тапсырыс беру;

4.4.3. Шартта белгіленген тәртіппен бұрын тапсырыс берілген Қызметтерден бас тарту;

4.3.9. передавать свои права и обязанности по Договору другим лицам с уведомлением Исполнителя;

4.3.10. не допускать использования Услуг в целях нарушений требований законодательства РК;

4.3.11. оказывать содействие Исполнителю при выяснении (исследовании) обстоятельств и причин незапланированных перерывов в оказании Услуг, нарушения требований безопасности и при подозрении на нарушения условий Договора и его неотъемлемых частей (соглашений, заявок, правил);

4.3.12. определить при регистрации Уполномоченного представителя Заказчика, предоставить Исполнителю его контактные данные (фамилия, имя, отчество, занимаемая должность, номера рабочего и мобильного телефонов, адрес электронной почты). В течение 5 (пяти) календарных дней письменно уведомить Исполнителя о замене такого лица, либо об изменении его контактных данных;

4.3.13. в случае отказа от Услуг уведомить об этом Исполнителя, в письменной форме не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней, погасить имеющуюся задолженность и оплатить стоимость Услуг, оказанных до даты прекращения оказания Услуг;

**4.4. Заказчик вправе:**

4.4.1. пользоваться Услугами Исполнителя в пределах необходимого ему объема, оплаченного в установленном настоящим Договором порядке;

4.4.2. заказывать дополнительные Услуги согласно тарифам (Прейскурант цен) и условиям, предусмотренным Договором и иными документами Исполнителя, в порядке, предусмотренном п. 3.7 Договора;

4.4.3. отказаться от ранее заказанных Услуг в порядке, установленном Договором;

4.4.4. Келісімде белгіленген талаптар мен тәртіпке сәйкес, Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаған тоқтап тұру кезеңі үшін төлем сомаларын қайта есептеуді жазбаша түрде сұрау.

4.4.5. егер тиісті Қызмет бойынша Келісімде басқасы көзделмесе, Тапсырыс беруші Қызметтерге ақы төлемеген жағдайда Орындаушы Қызметтерді тоқтатқан (Қызметтерге қолжетімділікті ажыратқан) сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қызмет (Қызметтер) бойынша берешекті төлей отырып, Қызметтерді қайта қосу.

4.4.6. Шартты Шарттың 7-бөлімінде және ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен бұзу.

**5. Есеп айырысу тәртібі**

5.1. Шарттың жалпы сомасы Тапсырыс берушінің Қызметтерді алу туралы барлық Өтінімдері негізінде қалыптастырылады.

5.2. Қызметтің құны Қызметтерге арналған Тарифтерге (Бағалар прейскурантына) сәйкес айқындалады және таңдалған Қызметтердің ерекшелігі мен көлеміне қарай жеке белгіленеді. Тапсырыс беруші тапсырыс берген және пайдаланатын Қызметтердің саны (көлемі), олардың құны Тапсырыс берушінің Өтінімдерінде көрсетіледі.

5.3. Қызметтің құны есептік кезеңде көрсетілетін Қызмет шеңберінде белгіленген тұрақты сомада (ай сайынғы төлемдерде) және/немесе нақты алынған (пайдаланылған) техникалық ресурстар үшін өзгермелі бөлікте көрсетілуі мүмкін.

5.4. Шарт бойынша есеп айырысуды Тапсырыс беруші Қызметтерді (Қызметтерге қолжетімділікті) алғанға дейін аванспен жүзеге асырады. Қызметтер (Қызметтерге қолжетімділік), егер Орындаушымен басқасы келісілмесе, тек алдын ала төлем болған және Қызметтер үшін төлем бойынша берешек болмаған жағдайда ғана ұсынылады.

5.5. Тапсырыс берілген немесе көрсетілген Қызметтердің саны (көлемі)

4.4.4. запросить в письменном виде перерасчет сумм платы за период простоя не по вине Заказчика на условиях и порядке, установленных Соглашением;

4.4.5. возобновить Услуги путем оплаты задолженности по Услуге (Услугам) в течение 7 (семи) дней с момента приостановления Услуг Исполнителем (отключения доступа к Услугам) по причине отсутствия оплаты Услуг Заказчиком, если иное не предусмотрено Соглашением по соответствующей Услуге;

4.4.6. расторгнуть Договор в порядке, предусмотренном разделом 7 Договора и законодательством РК.

**5. Порядок расчетов**

5.1. Общая сумма Договора формируется на основании всех Заявок Заказчика о получении Услуг.

5.2. Стоимость Услуги определяется в соответствии с Тарифами (Прейскурант цен) на услуги и является индивидуальной в зависимости от специфики и объема выбранных Услуг. Количество (объем) заказанных и используемых Заказчиком Услуг, их стоимость отражается в Заявках Заказчика.

5.3. Стоимость Услуги может выражаться в фиксированной сумме (ежемесячных платежах) и/или переменной части за фактически полученные (использованные) технические ресурсы в рамках оказываемой Услуги в отчетный период.

5.4. Расчеты по Договору осуществляются Заказчиком авансом до получения Услуг (доступа к Услугам). Услуги (доступ к Услугам) предоставляются только при условии наличия предоплаты и отсутствия задолженности по оплате Услуг, если иное не согласовано с Исполнителем.

5.5. Основанием для выставления счета Заказчику являются Заявка с количеством

көрсетілген Өтінім Тапсырыс берушіге шот ұсыну үшін негіз болып табылады. Шотты Орындаушы ресімдейді.

5.6. Қызметтерге тарифтер (Бағалар прейскуранты) теңгемен көрсетіледі.

5.7. Барлық Тарифтер (Бағалар прейскуранты) және Орындаушы ұсынатын шоттар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес есептелетін салықтардың, алымдардың және басқа да міндетті төлемдердің сомаларын қамтиды.

5.8. Осы Шарт бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынатын барлық шоттар, егер төлем шотында басқасы көзделмесе немесе Тараптар Өтінімде басқасын келіспесе, шот ұсынылған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде төленуге тиіс.

5.9. Қызметтерге ақы төлеу қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы немесе Орындаушының Интернет-ресурсында жарияланған басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады.

5.10. Төлем күні деп Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатының түскен күні есептеледі.

5.11. Тапсырыс беруші өзі жүргізетін төлемдердің дұрыстығы мен уақтылы орындалуына жеке жауапты болады.

5.12. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтер үшін ұсынған шоттары бойынша жүргізілген төлемді растайтын өзіне берілген тиісті құжаттарды сақтауға міндетті.

5.13. Орындаушы қызметтерге Тарифтерді (Бағалар прейскурантын) біржақты тәртіппен қайта қарауға құқылы. Жаңа Тарифтердің (Бағалар прейскурантының) күшіне ену күні Орындаушы оларды бекіткен және Орындаушының Интернет-ресурсында (https://cits.nis.edu.kz/) орналастырған күн болып табылады. Қызметтерге арналған жаңа Тарифтер (Бағалар прейскуранты) Тараптар арасындағы қатынастарға Орындаушының жаңа тарифтер бойынша Қызметтеріне ақы төленген сәттен бастап қолданылады. Олай болмаған жағдайда, Орындаушы Тараптар

(объеме) заказанных или оказанных Услуг. Счет оформляется Исполнителем.

5.6. Тарифы (Прейскурант цен) на Услуги указываются в тенге.

5.7. Все Тарифы (Прейскурант цен) и выставляемые Исполнителем счета включают суммы налогов, сборов и иных обязательных платежей, исчисляемых в соответствии с действующим законодательством РК.

5.8. Все счета, выставляемые Исполнителем Заказчику по настоящему Договору, должны оплачиваться в течение 3 (трех) дней с момента его выставления, если иное не предусмотрено в счете на оплату или не согласовано Сторонами в Заявке.

5.9. Оплата Услуг производится по безналичному расчету или иными способами, опубликованными на Интернет-ресурсе Исполнителя.

5.10. Датой платежа считается дата зачисления денежных средств на расчетный счет Исполнителя.

5.11. Заказчик самостоятельно несет ответственность за правильность и своевременность производимых им платежей.

5.12. Заказчик обязан сохранять выданные ему соответствующие документы, подтверждающие произведенную оплату по выставленным счетам Исполнителя за Услуги.

5.13. Исполнитель вправе в одностороннем порядке пересматривать Тарифы (Прейскурант цен) на услуги. Датой вступления в силу новых Тарифов (Прейскурант цен) является дата их утверждения Исполнителем и размещения на Интернет-ресурсе Исполнителя (https://cits.nis.edu.kz/). Новые Тарифы (Прейскурант цен) на Услуги применяются к отношениям между Сторонами с момента оплаты Услуг Исполнителя по новым тарифам. В противном случае Исполнитель вправе

төлем шарттарын реттегенге дейін Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

5.14. Орындаушы Қызметінің құны тәуелді үшінші тұлғалардың қызметтерінің құнын арттыру жағдайларын қоспағанда, Орындаушы толық көлемде төлеген қызметтердің Тарифтерін (Бағалар прейскурантын) және төлем шарттарын біржақты тәртіппен қайта қарауға құқығы жоқ.

5.15. Тапсырыс беруші Шарттың 5.12-тармағының талаптарын бұзған жағдайда. Қызметтер толық көлемде және мерзімде көрсетілген (ұсынылған) болып есептеледі. Бұл ретте Тапсырыс берушінің Қызметтерді көрсету (ұсыну) көлемі, сапасы және мерзімдері бойынша шағымдары болмайды.

5.16. Егер Тапсырыс берушінің кінәсі немесе бастамасы бойынша нақты көрсетілген Қызметтер көлемі Шарт пен Өтінім талаптарында көзделген Қызметтер көлемінен асып кетсе, онда қосымша төлем шоты негізінде Тапсырыс беруші 3 (үш) күн ішінде алынған қосымша Қызметтерге ақы төлеуді жүргізеді.

5.17. Толық емес ай үшін есеп айырысулар Қызметтер нақты көрсетілген айдағы күнтізбелік күндер санына пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

5.18. Орындаушы Тапсырыс берушіге қызметтер көрсетуді растайтын құжаттарды Тапсырыс беруші төлем шоты бойынша төлеген барлық сомаға жазады.

5.19. Қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттар, қажет болған жағдайда (Көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актісі немесе Көрсетілген қызметтер туралы есеп), Орындаушы тарапынан электрондық түрде ұсынылады. Орындаушыдан қызметтер көрсетуді растайтын құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Тапсырыс беруші оларды келіседі немесе дәлелді себептерді көрсете отырып, дәлелді бас тартуды жазбаша мәлімдейді. Тапсырыс берушіден көрсетілген мерзімде қандай да бір қарсылық

приостановить предоставление Услуг до урегулирования Сторонами условий оплаты.

5.14. Исполнитель не вправе в одностороннем порядке пересматривать Тарифы (Прейскурант цен) и условия оплаты на оплаченные в полном объеме Услуги, за исключением случаев повышения стоимости услуг третьих лиц, от которых зависит стоимость Услуги Исполнителя.

5.15. В случае нарушения Заказчиком условий п. 5.12. Договора, Услуги считаются оказанными (предоставленными) в полном объеме и в срок. При этом Заказчик претензий по объему, качеству и срокам оказания (предоставления) Услуг не имеет.

5.16. Если по вине или инициативе Заказчика объем фактически оказанных Услуг превысит объем Услуг, предусмотренных условиями Договора и Заявки, то на основании дополнительного счета на оплату Заказчик в течение 3 (трех) дней производит оплату полученных дополнительных Услуг.

5.17. Расчеты за неполный месяц осуществляются пропорционально количеству календарных дней месяца, в течение которых осуществлялось фактическое предоставление Услуг.

5.18. Исполнитель выписывает Заказчику документы, подтверждающие оказание услуг, на всю сумму, оплаченную Заказчиком по выставленному счету на оплату.

5.19. Документы, подтверждающие оказание услуг при необходимости (Акт оказанных услуг/выполненных работ или Отчет об оказанных услугах), выставляются Исполнителем в электронном виде. В течение 3 (трех) календарных дней с даты получения от Исполнителя документов, подтверждающих оказание услуг, Заказчик согласовывает их или письменно заявляет мотивированный отказ с указанием обоснованных причин. При отсутствии от Заказчика каких-либо возражений в указанный срок Услуги

болмаған кезде Қызметтер ұсынылған құжаттарда көзделген көлемде көрсетілген, ал құжаттардың өзі — Тапсырыс беруші оларда көрсетілген күні қол қойған болып есептеледі.

5.20. Күнделікті, ай сайынғы, тоқсан сайынғы немесе басқа да негізде қызметтер көрсетуді растайтын құжаттарды ұсыну Тапсырыс беруші тиісті кезеңдер үшін Қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асырған жағдайда ғана жасалады.

5.21. Шартты мерзімінен бұрын бұзған немесе төлем бойынша Тапсырыс берушіге жеңілдіктер мен льготалар берілген Қызметтерден (Қызметтің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін) бас тартқан жағдайда, мұндай Қызметтерді (жеңілдіктермен және льготалармен алынған) қайта есептеу Орындаушы Қызметтерге жеңілдіктер мен льготаларсыз белгілеген тарифтер (Бағалар прейскуранты) бойынша жүзеге асырылады.

5.22. Тапсырыс беруші Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтер үшін үшінші тұлғалар (төлеушілер) төлем жасаған кезде Орындаушы ұсынған Қызметтердің көрсетілгенін растайтын бастапқы бухгалтерлік құжаттарды қабылдауға міндеттенеді, сондай-ақ қандай да бір талаптар туындаған кезде оларды Тапсырыс беруші үшін төлем жасаған тұлғамен дербес реттеуге міндеттенеді.

5.23. Орындаушы бастапқы бухгалтерлік құжаттарды Тапсырыс берушінің өтінімінде көрсетілген деректер бойынша ұсынуды жүзеге асырады, ал Тапсырыс берушінің деректемелерінде сәйкессіздіктер анықталған кезде бастапқы бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеу egov.kz порталы арқылы алынған мемлекеттік органдардың деректері негізінде жүзеге асырылады.

5.24. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша, бухгалтерлік есепті тиісті түрде жүргізу үшін, бастапқы жабу құжаттарын (Көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актісі, шот-фактура) алу үшін Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің өтінімінде келесі өзекті

считаются оказанными в объеме, предусмотренном в представленных документах, а сами документы — подписанными Заказчиком в дату, указанную в них.

5.20. Предоставление документов, подтверждающих оказание услуг на ежедневной, ежемесячной, ежеквартальной или иной основе осуществляется только при условии осуществления Заказчиком оплаты Услуг за соответствующие периоды.

5.21. В случае досрочного расторжения Договора или отказе от Услуг (до истечения срока действия Услуги), по оплате которых Заказчику были предоставлены скидки и льготы, перерасчет таких Услуг (полученных со скидками и льготами) осуществляется по тарифам (Прейскурант цен), установленным Исполнителем для Услуг без скидок и льгот.

5.22. Заказчик обязуется при осуществлении оплаты третьими лицами (плательщиками) за предоставляемые Заказчику Услуги принимать выставленные Исполнителем первичные бухгалтерские документы, подтверждающие оказание Услуг, а при возникновении каких-либо требований обязуется самостоятельно урегулировать их с лицом, производившим оплату за Заказчика.

5.23. Исполнитель осуществляет выставление первичных бухгалтерских документов по данным, указанным в заявке Заказчика, а при выявлении расхождений в реквизитах Заказчика оформление первичных бухгалтерских документов осуществляется на основании данных государственных органов, полученных через портал egov.kz.

5.24. По запросу Заказчика для получения первичных закрывающих документов (Акт оказанных услуг/выполненных работ, счет-фактура), необходимых для надлежащего ведения бухгалтерского учета, Заказчик обязан

деректерді ұсыну/толтыру арқылы өзін сәйкестендіруге міндетті: тегі, аты, әкесінің аты (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін), ЖК немесе заңды тұлғаның атауы, ЖСН (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін) немесе БСН (заңды тұлғалар үшін), тұрғылықты мекенжайы (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін) немесе тіркеу мекенжайы (заңды тұлғалар үшін). Бұл ретте егер Тапсырыс беруші қате деректер көрсетсе немесе оның атына шот-фактураларды рәсімдеуге мүмкіндік бермейтін шектеулер мен тыйымдар бар субъектілер тізіміне енгізілсе, Орындаушы жауапты болмайды.

идентифицировать себя путем предоставления/заполнения заявки Заказчика следующих актуальных данных: фамилия, имя, отчество (для физических лиц и индивидуальных предпринимателей), наименование ИП или юридического лица, ИИН (для физических лиц и индивидуальных предпринимателей) или БИН (для юридических лиц), адрес проживания для физических лиц и индивидуальных предпринимателей) или адрес регистрации (для юридических лиц). При этом Исполнитель не несет ответственности, если Заказчик указал некорректные данные или внесен в список субъектов, имеющих ограничения и запреты, не позволяющие осуществить выписку счетов-фактур на его имя.

5.25. Тапсырыс беруші Қызметтерді одан әрі пайдаланудан бас тартқан кезде немесе осы Шарт бұзылған кезде Орындаушы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде нақты көрсетілген қызметтердің құнын қайта есептеуді жүргізеді, қалған соманы Тапсырыс берушінің дербес шотына қайтаруды жүзеге асырады және Тапсырыс берушінің талабы бойынша көрсетілген қызметтерді растайтын бастапқы бухгалтерлік құжаттарды ұсынады.

5.25. При отказе Заказчика от дальнейшего использования Услуг или при расторжении настоящего Договора Исполнитель в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней производит перерасчет стоимости за фактически оказанные услуги, осуществляет возврат оставшейся суммы на лицевой счет Заказчика, и по требованию Заказчика предоставляет первичные бухгалтерские документы, подтверждающие оказанные Услуги.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар Шарттың талаптарын бұзғаны (орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Әр Тарап басқа тараптың алдында Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау салдарынан келтірілген және Шартта белгіленген жауапкершілік шектерінің шектеулерін ескере отырып, тиісті құжаттармен расталған нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.3. Тараптардың кез келгені басқа Тарапқа немесе кез келген үшінші тұлғаға қатысты, оның ішінде бірақ онымен шектелмей,

## 6. Ответственность сторон

6.1. Стороны несут ответственность за нарушение (неисполнение или ненадлежащее исполнение) условий Договора согласно законодательству Республики Казахстан и настоящему Договору.

6.2. Каждая из сторон несет ответственность перед другой Стороной только за реальный ущерб, причиненный неисполнением или ненадлежащим исполнением обязательств по Договору и подтвержденный соответствующими документами с учетом ограничений пределов ответственности, установленных в Договоре.

6.3. Любая из Сторон не несет ответственности перед другой Стороной или какой-либо третьей стороной за любые убытки,

жіберіп алған пайда, табыстан айырылу, моральдық және басқа да мүліктік емес зиян келтіруді қоса алғанда, кез келген залал үшін, мұндай залалдардың туындау мүмкіндігі туралы Тараптардың қайсыбірі білуі мүмкін немесе білуі қажет болса да, жауапкершілік көтермейді.

6.4. Төлем мерзімі өткен жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге төленуге тиіс сомадан әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде айыпақы есептеуге құқылы, алайда айыпақының жалпы мөлшері берешек сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспауы тиіс.

6.5. Орындаушының жауапкершілігі Қызметтің сипаты мен ерекшеліктеріне сәйкес Келісімде белгіленеді және айқындалады.

6.6. Айыпақы оны төлеуге арналған қосымша шот ұсынылған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде төленуге тиіс, бұл ретте айыпақыны төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6.7. Әрбір Тарап Шартты орындау мақсатында екінші Тарапқа ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы үшін және оны уақтылы ұсынуға жауапты. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс беруші Қызметтерді пайдалану барысында орналастырған ақпараттың мазмұны үшін жауап бермейді.

6.8. Тапсырыс беруші жауапты:

1) Қызметтер үшін шоттарды уақтылы төлеуге, сондай-ақ Қызметтер үшінші тұлғаларға берілген жағдайда да;

2) Тапсырыс беруші немесе ол Қызметтерді пайдалануға рұқсат берген үшінші тұлғалар пайдалануы нәтижесінде туындаған үшінші тұлғалардың кез келген талаптары немесе наразылығы бойынша;

3) Қызметтерді пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың жеке және мүліктік

включающие, но не ограниченные упущенной выгодой, потерей дохода, причинением морального и иного неимущественного вреда, вне зависимости от того, могла или должна была знать о возможности причинения таких убытков какая-либо из Сторон.

6.4. В случае просрочки оплаты Исполнитель имеет право начислить Заказчику неустойку в размере 0,1% (ноль целых одна десятая процента) от подлежащей оплате суммы за каждый день просрочки до даты фактической оплаты, но не более 10% (десяти процентов) от общей суммы задолженности.

6.5. Ответственность Исполнителя устанавливается и определяется в Соглашении с учетом характера и специфики Услуги.

6.6. Оплата неустойки будет осуществляться на основании дополнительного счета в течение 3 (трех) дней с даты его выставления, при этом ее оплата не освобождает Стороны от выполнения обязательств, предусмотренных настоящим Договором.

6.7. Каждая из Сторон несет ответственность за достоверность информации, предоставляемой другой Стороне в целях исполнения Договора, и своевременность ее предоставления. При этом Исполнитель не несет ответственность за содержание информации, размещаемой Заказчиком с использованием предоставляемых Исполнителем Услуг.

6.8. Заказчик несет ответственность:

1) за своевременную оплату выставляемых счетов за Услуги и, в том числе, в случае передачи Заказчиком Услуги третьим лицам;

2) по любым претензиям третьих лиц, возникшим в результате использования Услуг Заказчиком или третьими лицами, которым Заказчик предоставил доступ;

3) за нарушение личных и имущественных прав (включая авторские)

құқықтарын (оның ішінде авторлық құқықтарын), сондай-ақ әдеп нормаларын немесе қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін;

4) Орындаушы ұсынған Қызметтер негізінде Тапсырыс беруші үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелерге байланысты туындайтын кез келген құқықтық салдар үшін. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі жасасқан шарттар бойынша қызметтерді көрсету кезінде Орындаушы ұсынған Қызметтер толық немесе ішінара пайдаланылғандықтан туындауы мүмкін үшінші тұлғалардың талаптары немесе талап-арыздарына байланысты барлық қосымша шығындарды, оның ішінде осындай талаптарды немесе талап-арыздарды қарауға байланысты заңгерлік, әкімшілік және өзге де шығындарды өтеуге міндетті.

6.9. Орындаушы Тапсырыс берушіге қандай да бір залалдарды (шығындарды) өтеуге жауапты емес:

1) Қызметтерді көрсетуден бас тартуға, оларды уақытша тоқтатуға немесе қызмет көрсетуге шектеу енгізуге осы Шарттың 3.12-тармағында көзделген мән-жайлар негіз болған жағдайда;

2) Қызметтерді пайдалану нәтижесінде Тапсырыс беруші шеккен залалдар үшін;

3) Қызметтерге байланысты Тапсырыс беруші мен үшінші тұлғалар арасында туындаған даулар бойынша. Орындаушы Тапсырыс беруші мен үшінші тұлғалар арасындағы мұндай дауларды реттеуге қатыспайды;

4) Орындаушының техникалық құралдарының жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз ету және оларды жаңарту үшін қажеттілігіне байланысты жүргізілетін жұмыстарға орай Қызмет көрсетудегі үзілістер үшін; егер мұндай жұмыстар туралы Тапсырыс берушіге Келісімде көзделген тәртіппен және мерзімде алдын ала хабарланған болса;

третьих лиц, а также норм нравственности или публичного порядка в результате использования Услуг;

4) за любые правовые последствия, связанные со сделками Заказчика, осуществляемыми с третьими лицами с использованием услуг, предоставленных Исполнителем. При этом, Заказчик возмещает Исполнителю все дополнительные расходы, связанные с любыми претензиями, которые могут возникнуть в результате исков или требований третьих лиц, подписавших договоры с Заказчиком на предоставление услуг, которые, частично или полностью, осуществляются с использованием Услуг, предоставленных Исполнителем, включая возмещение всех связанных с этим юридических расходов, административных издержек и других расходов по разрешению таких претензий или исков.

6.9. Исполнитель не несет ответственности и не возмещает Заказчику какие-либо убытки (расходы):

1) если основанием для отказа в предоставлении, приостановлении, ограничении в предоставлении Услуг явились обстоятельства, указанные в п. 3.12 настоящего Договора;

2) за убытки, понесенные Заказчиком в результате пользования Услугами;

3) по спорам, возникшим между Заказчиком и третьими лицами в результате Услуги. Исполнитель не участвует в урегулировании таких споров между Заказчиком и третьими лицами;

4) за перерывы в оказании Услуг, связанные с проведением работ, вызванных необходимостью поддержания работоспособности и развития технических средств Исполнителя, при условии предварительного извещения Заказчика о проведении таких работ в порядке и сроки, предусмотренные в Соглашении;

5) Орындаушыға байланысты емес себептерден Қызметтердің уақытша тоқтатылуына байланысты үзілістер үшін;

5) за перерывы в оказании Услуг, не зависящие от Исполнителя;

6) Тапсырыс беруші Орындаушының нұсқауларын дұрыс орындамағандықтан Орындаушы үшін туындаған жағымсыз салдар үшін;

6) за возможные нежелательные для Заказчика последствия, возникшие вследствие неверного следования Заказчиком полученным инструкциям Исполнителя;

6.10. Тапсырыс беруші қойған талаптар бойынша Орындаушының осы Шартты бұзу немесе тиісінше орындамау үшін жауапкершілігі талап қоюға негіз болған оқиға (оқиғалар) орын алған айдағы Қызметтердің құнымен шектеледі.

6.10. Максимальная совокупная ответственность Исполнителя по каким-либо претензиям за нарушение или иное неисполнение настоящего Договора, предъявленным Заказчиком, равняется стоимости Услуг, оказываемых Заказчику в месяце возникновения события или событий, приведших к предъявлению претензии.

6.11. Тапсырыс беруші осы Шарттың 5.22-тармағын бұзып, үшінші тұлға Тапсырыс беруші үшін төлеген Қызметтер бойынша бастапқы бухгалтерлік құжаттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттарында көрсетілген сома мөлшерінде айыпақы төлеуге міндетті.

6.11. При нарушении Заказчиком п. 5.22 настоящего Договора и отказе Заказчика принять первичные бухгалтерские документы за предоставляемые Услуги, оплаченные за Заказчика третьим лицом, Заказчик выплачивает Исполнителю неустойку в размере суммы, указанной в закрывающих документах.

6.12. Тараптар осы Шарт шеңберінде көрсетілетін Қызметтердің құны Шартта көзделген тәуекелдерді бөлу ескеріліп айқындалғанын, сондай-ақ Орындаушы Шартта белгіленген жауапкершілік шектеулерін ескермей қандай да бір міндеттемелер қабылдамайтынын растайды.

6.12. Стороны признают, что стоимость Услуг, оказываемых в рамках настоящего Договора, отражает распределение рисков, указанных в настоящем Договоре, и что Исполнитель не принимает на себя какие-либо обязательства без учета ограничений его ответственности, предусмотренных в Договоре.

6.13. Тараптардың екінші Тараптың құқықтарын шектеуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді.

6.13. Сторонам запрещается совершать действия, ограничивающие права другой Стороны либо иным образом нарушающие законодательство Республики Казахстан.

6.14. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, сондай-ақ олардың орындалуын кешіктіргені үшін жауап бермейді, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор) салдарынан болса. Мұндай мән-жайларға, атап айтқанда: табиғи апаттар, террористік әрекеттер, әскери іс-қимылдар, табиғи және өндірістік апаттар, азаматтық тәртіпсіздіктер,

6.14. Стороны освобождаются от ответственности за полное или частичное неисполнение принятых на себя обязательств, а также за задержку их выполнения по Договору, если таковые явились следствием обстоятельств непреодолимой силы (Форс-мажор), а именно: стихийные бедствия, террористические акты, военные действия, природные и промышленные катастрофы, гражданские беспорядки, сбои в

телекоммуникациялық немесе энергетикалық желілердегі іркілістер, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, зиянды бағдарламалардың әсері, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тыйым салатын актілері және Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін заңнамадағы өзге де өзгерістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп танылатын өзге де (Тараптардың еркінен тыс) жағдайлар жатады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің немесе Орындаушының абайсыздығы не қасақана әрекеттері салдарынан туындаған кез келген жағдайлар форс-мажор болып танылмайды.

6.15. Осы бөлімнің 6.14-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған кезде, Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мүмкіндігінен айырылған Тарап бұл туралы екінші Тарапты тиісті дәлелдерді қоса отырып жазбаша түрде мүмкіндігінше қысқа мерзімде, мән-жайлар пайда болған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауы тиіс. Уақтылы хабарланбаған жағдайда, мүдделі Тарап кейін мұндай мән-жайларға жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде пайдалана алмайды.

6.16. Егер еңсерілмейтін күштің мән-жайы 1 (бір) айдан астам уақытқа созылып, Тарап осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсете немесе пайдалана алмаса, мұндай мән-жайлар басталған күннен бастап 1 (бір) ай өткен соң Шарт бұзылған (уақытша тоқтатылған) болып есептеледі.

6.17. Қызметтерді көрсету және алу барысында Тараптардың жауапкершілігі Тапсырыс беруші таңдаған Қызмет түрінің ерекшелігіне қарай айқындалады және тиісті қызмет көрсету деңгейі туралы Келісімдермен белгіленеді.

телекоммуникационных или энергетических сетях, неправомерные действия третьих лиц, последствия действий вредоносных программ, запретительные акты органов государственной власти и местного самоуправления и другие изменения в законодательстве, препятствующие исполнению обязательств Сторонами, а также иные обстоятельства непреодолимой силы (вне разумного контроля Сторон), признаваемые таковыми в соответствии с законодательством Республики Казахстан. При этом форс-мажором не являются любые события, вызванные небрежностью или намеренными действиями Заказчика, Исполнителя.

6.15. При наступлении указанных в пункте 6.14. настоящего раздела обстоятельств Сторона, для которой создалась невозможность исполнения ее обязательств по Договору, должна в кратчайший срок уведомить о них в письменном виде другую Сторону с приложением соответствующих доказательств, но не позднее 14 (четырнадцати) календарных дней после начала их действия. Несвоевременное уведомление лишает в последующем заинтересованную Сторону ссылаться на такие обстоятельства как на основание освобождения от ответственности.

6.16. Если обстоятельства непреодолимой силы действуют более, чем 1 (один) месяц, и Сторона настоящего Договора не может предоставлять или использовать Услуги, то Договор будет считаться расторгнутым (приостановленным) по истечении 1 (одного) месяца с момента наступления обстоятельств непреодолимой силы.

6.17. Разграничение ответственности сторон в рамках взаимодействия при оказании/получении Услуг определяется спецификой вида Услуги, заказанной Заказчиком, и определяется соответствующими Соглашениями об уровне обслуживания услуг.

**7. Шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі**

7.1. Шарт Тапсырыс берушінің конклюдентті әрекеттер жасаған сәтінен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.

7.2. Тараптар Шарттың қолданылуын толық немесе ішінара тоқтатуға құқылы, бұл ретте Шарттың немесе оның жекелеген бөліктерінің күші тоқтатылатын күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлау міндетті. Тарап жіберетін бұзу туралы хабарламада бұзудың негізі көрсетілуі тиіс.

7.3. Осы Шарт шеңберінде Тапсырыс берушіге бірнеше Қызмет көрсетілген жағдайда, Қызметтердің біріне қатысты Шарттың күші тоқтатылса, бұл өзге Қызметтерге қатысты Шарттың күшіне әсер етпейді.

7.4. Тапсырыс берушінің Орындаушыға тіркеу деректерін өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алған жағдайда Қызметтер тоқтатылады және сол сәттен бастап 10 (он) күн өткеннен кейін осы Шартты бұзуға негіз болады.

7.5. Осы Шарт бұзылған немесе Тараптардың бірі оны орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, егер Тараптар арасында жазбаша түрде өзге келісім жасалмаса, Шарт бұзылған (тоқтатылған, бас тартылған) күнге дейін туындаған не қабылданған міндеттемелер мен жауапкершілік әр Тарап үшін сақталады.

7.6. Шарт тоқтатылғанда, сонымен қатар мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптардың өзара талаптарын реттеу үшін жасалатын бұзу туралы келісімге сәйкес

**7. Действие Договора и порядок расторжения Договора**

7.1. Договор вступает в силу с момента совершения конклюдентных действий Заказчиком и действует бессрочно.

7.2. Стороны вправе прекратить действие Договора полностью или в части с обязательным уведомлением в письменной форме другой Стороны не позднее чем за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты прекращения действия Договора или отдельных его частей. Уведомление о расторжении, сделанное Стороной, должно включать в себя основание расторжения.

7.3. Если Заказчику предоставляется несколько Услуг в рамках настоящего Договора, то прекращение действия Договора в части одной из Услуг не влечет за собой прекращение действия Договора в части остальных Услуг.

7.4. Отзыв Заказчиком согласия на обработку Регистрационных данных Исполнителем является основанием для приостановления Услуг, а при истечении 10 (десяти) дней с момента приостановления — основанием для расторжения настоящего Договора.

7.5. В случае расторжения настоящего Договора или одностороннего отказа от исполнения Договора одной из Сторон, ни одна из Сторон не освобождается от ответственности или обязательств по отношению к другой Стороне в рамках настоящего Договора, возникших или принятых до даты расторжения (прекращения, отказа), если только между Сторонами не было достигнуто иное соглашение, подтвержденное в письменной форме.

7.6. При прекращении Договора, в том числе при досрочном расторжении, он сохраняет свое действие до тех пор, пока Стороны полностью не выполнят свои финансовые и иные обязательства согласно

қаржылық және өзге де міндеттемелер толық орындалғанға дейін Шарттың күші сақталады.

7.7. Тапсырыс беруші осы Шарттың және оған қосымшалардың талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзған жағдайда, Орындаушы Қызметтерге қолжетімділікті уақытша тоқтатуға құқылы. Тапсырыс беруші Қызметтерді уақытша тоқтатуға себеп болған бұзушылықты түзетпеген жағдайда, Орындаушы Шартты Тапсырыс берушімен біржақты, соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы, бұл ретте Тапсырыс берушіге қандай да бір залал өтелмейді.

7.8. Тапсырыс берушінің бастамасымен Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Шарттың немесе оның бір бөлігінің құны өтелмейді және қайтарылмайды.

**8. Хабарламалар**

8.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге ақпараттық және өзге де хабарламаларды, оның ішінде жарнамалық және корпоративтік сипаттағы ақпараттық таратылымдарды SMS-хабарламалар, электрондық пошта, Орындаушының интернет-ресурсы (https://cits.nis.edu.kz/) және өзге де байланыс арналары арқылы жіберуге құқылы. Осы Шартты жасасу және Қызметтерді рәсімдеу Тапсырыс берушінің мұндай хабарламаларды алуға келісімі болып танылады.

8.2. Хат-хабар алынған күн ретінде электрондық пошта арқылы жіберілген күн немесе екінші Тарапқа қолма-қол тапсырылған күн есептеледі. Егер хабарлама немесе ақпарат Орындаушының интернет-ресурсында жариялау арқылы берілсе, оны жолданған күн ретінде жарияланған күні есептеледі.

**9. Қорытынды ережелер**

9.1. Шарттың жарамдылығы, түсіндірілуі және орындалуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

соглашению о расторжении, которое должно быть составлено для урегулирования взаимных требований Сторон.

7.7. Исполнитель имеет право приостановить доступ к Услугам в случае нарушения Заказчиком условий настоящего Договора и приложений к нему, а также требований действующего законодательства РК. Если Заказчик не устранил нарушение, вызвавшее приостановление Услуг, Исполнитель вправе расторгнуть Договор с Заказчиком в одностороннем внесудебном порядке без каких-либо возмещений убытков последнему.

7.8. При досрочном расторжении Договора по инициативе Заказчика, стоимость настоящего Договора или его части – возмещению или возврату не подлежат.

**8. Уведомления и сообщения**

8.1. Исполнитель вправе направлять Заказчику информационные и иные сообщения, в том числе рекламные и корпоративные рассылки информационного характера, в том числе путем SMS-сообщения, сообщения по электронной почте, на Интернет-ресурсе Исполнителя ( https://cits.nis.edu.kz/) и иным каналам связи. Заключение настоящего Договора и заказ Услуг признается согласием Заказчика на получение таких сообщений.

8.2. Датой получения корреспонденции считается дата отправления по электронной почте или нарочного вручения другой Стороне. В случае, если уведомление или сообщение производится посредством публикации на Интернет-ресурсе Исполнителя, то датой направления уведомления или сообщения считается дата его публикации.

**9. Заключительные положения**

9.1. Действительность, толкование и исполнение Договора регулируются правом Республики Казахстан.

9.2. Шартты орындау барысында Тараптар арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер мен даулар Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар даулы мәселелер бойынша келісімге келмеген жағдайда, Шарттан туындайтын немесе соған байланысты барлық даулар, келіспеушіліктер не талаптар, оның ішінде Шартты орындауға, бұзуға, тоқтатуға немесе жарамсыз деп тануға қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сотында шешіледі.

9.3. Тараптардың бірінің кінәсін анықтау кезіндегі дауларды шешу үшін Орындаушы өз бетінше мамандар мен сарапшыларды тартуға құқылы, ал жұмсалған шығындар кінәлі тарапқа жүктеледі.

9.4. Шарт күшіне енген сәттен бастап, Шарттың мәніне қатысты Тараптардың бұрын жасалған барлық ауызша және жазбаша келісімдері заңды күшін жояды.

9.5. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде қызмет көрсету деңгейі туралы Келісім, Өтінім, Құпиялылық саясаты, Қосымшалар және Қосымша келісімдер, Шартқа қосылған сәттен бастап күшіне енеді және оның ажырамас бөлігіне айналады.

9.6. Осы Шарттың мәтіні мен Қосымшаларда, Өтінімде, қызмет көрсету деңгейі туралы Келісімде және Шартқа енгізілген өзге де толықтыруларда көзделген талаптар арасында қайшылықтар немесе сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, Қосымшаларда, Өтінімде, қызмет көрсету деңгейі туралы Келісімде және Шартқа енгізілген өзге де толықтыруларда көзделген талаптар басым қолданылады.

9.7. Қандай да бір Тараптың заңды (нақты) мекенжайы немесе өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, ол өзгерістер

9.2. Все разногласия и споры, возникающие между Сторонами в рамках исполнения Договора будут решаться Сторонами путем переговоров. В случае недостижения Сторонами согласия по спорным вопросам, все споры, разногласия или требования, возникающие из Договора или в связи с ним, в том числе, касающиеся его исполнения, нарушения, прекращения или недействительности, подлежат разрешению в суде Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9.3. Для разрешения споров при определении вины какой-либо из Сторон Договора в результате ее действий Исполнитель вправе самостоятельно привлекать специалистов и экспертов с последующим отнесением понесенных расходов на виновную сторону.

9.4. С момента вступления в силу Договора все предыдущие устные и письменные договоренности Сторон, так или иначе касающиеся предмета Договора, теряют свою юридическую силу.

9.5. Все изменения и дополнения к Договору, в том числе Соглашение об уровне обслуживания, Заявка, Политика конфиденциальности, Приложения и Дополнительные соглашения, вступают в силу и становятся неотъемлемой частью Договора с момента присоединения к Договору.

9.6. При возникновении противоречий и расхождений между текстом настоящего Договора и условиями, указанными в Приложениях, Заявке, Соглашении об уровне обслуживания и иных дополнениях к Договору, приоритет имеют положения, указанные в Приложениях, Заявке, Соглашении об уровне обслуживания и иных дополнениях к Договору.

9.7. В случае изменения юридического (фактического) адреса и других реквизитов какой-либо Стороны она обязана в течение 10

болған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұл жайлы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

(десяти) календарных дней с даты таких изменений письменно уведомить об этом другую Сторону.

**10. Орындаушының мекенжайы және банктік деректемелері**

**10. Адрес и банковские реквизиты Исполнителя**

**«NIS Ақпараттық технологиялар және қызмет көрсету орталығы» ЖМ**

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1.
БСН: 130540001547
ЖСК: KZ589985TB0001896865
БСК: TSESKZKA
«Alatau City Bank» АҚ
КБе 18
E-mail: info@c.nis.edu.kz
Интернет-ресурс: https://cits.nis.edu.kz/

Қызметтерге тапсырыс беру:
Амир Абдуллаев
+7 777 017 88 89
abdulayev_a@c.nis.edu.kz

**ЧУ «Центр информационных технологий и сервиса NIS»**

Республика Казахстан, г. Астана, район Нұра, ул. Хусейн бен Талал, здание 21/1.
БИН: 130540001547
ИИК: KZ589985TB0001896865
БИК: TSESKZKA
АО «Alatau City Bank»
КБе 18
E-mail: info@c.nis.edu.kz
Интернет-ресурс: https://cits.nis.edu.kz/

Заказ услуг:
Амир Абдуллаев
+7 777 017 88 89
abdulayev_a@c.nis.edu.kz

# NIS ARENA

**Жария оферта шартына**
**№ 1 қосымша**

**Приложение № 1**
**к Публичному договору оферты**

**Ережелер NIS Arena жабық спорт кешенін пайдалану**

**Правила**
**пользования крытого спортивного комплекса NIS ARENA**

1.1. Осы Ережелер Орындаушының **NIS ARENA** жабық спорт кешенінің аумағында Тапсырыс берушіге (және оның клиенттеріне) қойылатын тәртіп талаптарын айқындайды (бұдан әрі – **NIS ARENA Ережелері**), Тапсырыс берушіге дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін көрсету тәртібі мен талаптарын белгілейді, сондай-ақ Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында туындайтын өзге де қатынастарды реттейді.

1.2. **NIS ARENA Ережелері** жалпыға бірдей қолданылатын ресми құжат болып табылады және **NIS ARENA** жабық спорт кешенінде **(бұдан әрі – Спорт кешені)** және оған іргелес аумақта болатын Тапсырыс беруші мен кез келген үшінші тұлғалар үшін қолдануға, сақтауға және орындауға міндетті.

1.3. Тапсырыс беруші осы **NIS ARENA Ережелерін** және спорт кешеніндегі тәртіпке қатысты Орындаушының ішкі өкімдерін сақтауға міндетті.

1.4. Тапсырыс беруші **NIS ARENA** Ережелерін және өкімдерін сақтамағаны үшін жауапты.

1.5. Тапсырыс беруші **NIS ARENA** Ережелерін және өкімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы бұзушылықтың алдын алу немесе тоқтату үшін заңды шаралар қолдануға, сондай-ақ шартты

1.1. Настоящие Правила устанавливают правила поведения Заказчиком (и его клиентов) на территории крытого спортивного комплекса **NIS ARENA** Исполнителя (далее – **Правила NIS ARENA**), устанавливает порядок и условия предоставления Заказчику физкультурно-оздоровительных услуг, регулирует иные отношения, возникающие между Исполнителем и Заказчиком.

1.2. **Правила NIS ARENA** являются официальным документом общего действия, обязательным для применения, соблюдения и исполнения Заказчиком и любыми третьими лицами, находящимся в крытом спортивном комплексе **NIS ARENA (далее - Спорткомплекс**) и на прилегающей к нему территории.

1.3. Заказчик обязан соблюдать настоящие **правила NIS ARENA** и внутренние распоряжения Исполнителя, касающиеся порядка в спорткомплексе.

1.4. Заказчик несет ответственность за несоблюдение правил **NIS ARENA** и распоряжений.

1.5. В случае нарушения Правил **NIS ARENA** и распоряжений Заказчиком, Исполнитель оставляет за собой право принять законные меры воздействия для пресечения или предупреждения

біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

1.6. Қажет болған жағдайда осы **NIS ARENA** Ережелері Орындаушының шешімімен өзгертілуі мүмкін. Орындаушының әрбір жаңа ережелері алдыңғыларын алмастырады.

1.7. Осы ережелерде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**NIS ARENA әкімшілігі –** Орындаушының жауапты қызметкері.

**Тапсырыс беруші, Клиент** – Жария шарт негізінде Орындаушының қызметтерін пайдаланатын тұлға не осы ережелерде көзделген талаптар бойынша **NIS ARENA әкімшілігімен** келісу арқылы қызметтерді пайдаланатын тұлға.

**Жабық NIS ARENA спорт кешені** – Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 32/1 мекенжайы бойынша орналасқан **жабық спорт кешені.**

**Рецепция** – Жабық спорт кешенінің аумағындағы спорттық жабдықтар берілетін, төлемдер қабылданатын, жеке және топтық жаттығуларға жазылу ресімделетін, сондай-ақ өзге де қосымша қызметтер көрсетілетін аймақ.

1.8. Спорт кешеннің жұмыс уақыты: жұмыс күндері және демалыс күндері сағат 07:00-ден 00:00-ге дейін.

**NIS ARENA** әкімшілігі Спорт кешенінің жұмыс уақытын, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының шешімдері негізінде өзгертуге құқылы. Мұндай өзгерістер туралы ақпарат Спорт кешенінің ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ ресми сайтта – https://cits.nis.edu.kz/ орналастырылады.

1.9. Өз денсаулығыңызға мұқият қарауды және Спорт кешенінде болған кезде хал-жағдайыңыздың нашарлауының

нарушения, вплоть до отказа в одностороннем порядке от исполнения договора.

1.6. В случае необходимости, по усмотрению Исполнителя настоящие правила **NIS ARENA** могут быть изменены. Каждые новые правила Исполнителя заменяют предыдущие.

1.7. В настоящих правилах применяются следующие основные понятия:

**Администрация NIS ARENA** – Ответственный работник Исполнителя.

**Заказчик, Клиент** — лицо, пользующееся услугами Исполнителя на основании Договора оферты, либо по согласованию с **Администрацией NIS ARENA** на условиях, предусмотренных настоящими правилами:

**Крытый спортивный комплекс NIS ARENA - Крытый спортивный комплекс**, расположенный по адресу: г. Астана, район Есиль, ул. Туркестан, 32/1.

**Рецепция** — зона Крытого спортивного комплекса, на территории которой происходит выдача мягкого инвентаря, прием оплат, оформление записи на персональные и групповые тренировки, и прочие дополнительные услуги.

1.8. Время работы Спорткомплекса: по будням и выходным дням работает с 07ч.00мин. до 00ч.00мин.

Администрация **NIS ARENA** имеет право изменить время работы Спорткомплекса, в том числе на основании решений уполномоченных органов Республики Казахстан. Информация о таком изменении размещается на информационных стендах Спорткомплекса, официальном сайте - https://cits.nis.edu.kz/

1.9. Рекомендуем Вам внимательно относиться к состоянию Вашего здоровья и незамедлительно сообщать персоналу

кез келген жағдайлары туралы, сондай-ақ дене шынықтыру және спортпен айналысуға қатысты кез келген шектеулер туралы Спорт кешенінің қызметкерлеріне дереу хабарлауды ұсынамыз.

## 2. СПОРТ КЕШЕНІНЕ БАРУ КЕЗІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Спорт кешеніне кіру:

2.1. Тапсырыс беруші Спорт кешеніне жария шартта белгіленген уақытта келуге міндетті.

2.2. Спортзалға кірген кезде Тапсырыс беруші турникеттер арқылы өтеді. Спорт кешеніне кіреберісте Шарт пен фотосуреті бар жеке басын куәландыратын құжатты (жеке куәлік, паспорт, жүргізуші куәлігі) көрсету қажет. Аталған талаптар сақталмаса, Орындаушы Әкімшілігі Тапсырыс берушіні Спорт кешеніне кіргізуден бас тартуға құқылы.

2.3. Сырт киімді Спорт кешенінің киім ауыстыру бөлмелерінде орналасқан шкафтарда қалдыру қажет.

2.4. Тапсырыс беруші таныстыру нұсқамасымен Орындаушының ақпараттық стендтерінде немесе сайтында танысады.

2.5. Таныстыру нұсқамасынан өтуге және/немесе кез келген жаттығуды бастауға дейін Тапсырыс беруші дәрігерден алынған медициналық анықтаманы ұсынуы тиіс. Тапсырыс беруші медициналық анықтама ұсынбаған жағдайда, жаттығуларға тек белгіленген нысандағы Өтінімде өз бас тартуын жазбаша түрде растап, Орындаушының әкімшілігіне тапсырғаннан кейін ғана жіберіледі. Бұл ретте Тапсырыс беруші жаттығу жүктемесін өз бетінше айқындауға және соның салдарынан физикалық жай-күйінің өзгеруіне байланысты барлық тәуекелдерге

Спорткомплекса о любых случаях ухудшения самочувствия во время посещения Спорткомплекса, а также о любых ограничениях к занятиям физической культурой и спортом.

## 2. ОСНОВНЫЕ ПРАВИЛА ПРИ ПОСЕЩЕНИИ СПОРТКОМПЛЕКСА

Вход в Спорткомплекс:

2.1. Заказчик обязан посещать Спорткомплекс во время, установленное в договоре оферты.

2.2. При посещении Спортзала Заказчик проходит через турникеты, при входе в Спорткомплекс, необходимо предъявить договор и документ, удостоверяющий личность с фотографией (удостоверение личности, паспорт, водительское удостоверение). В противном случае Администрация Исполнителя имеет право отказать Заказчику в посещении Спорткомплекса.

2.3. Верхнюю одежду необходимо оставлять в шкафах, расположенных в раздевалках Спорткомплекса.

2.4. Заказчик проходит ознакомительный Инструктаж на стендах или сайте Исполнителя.

2.5. Перед прохождением ознакомительного инструктажа и/или началом любых тренировок Заказчику необходимо предоставить медицинскую справку от врача. В случае непредоставлением Заказчиком медицинской справки, допуск к тренировкам после предоставления в администрацию Исполнителя письменного заявления в Заявке Заказчика, установленной формы, подтверждающего его отказ. В любом случае Заказчик принимает на себя все риски, связанные с самостоятельным определением

өзі жауапты. Орындаушы Спорт кешенінің әрбір Тапсырыс берушісінің (Клиентінің) ұсынымдар мен Ережелерді сақтау туралы жеке таңдауы үшін жауап бермейді.

тренировочных нагрузок и, как следствие, изменением физического состояния. Исполнитель не несет ответственности за личный выбор каждого Заказчика (Клиента) Спорткомплекса следовать или не следовать предоставленным рекомендациям, Правилам.

2.6. Жарақат алу және денсаулыққа зиян келтіру қаупін болдырмау мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушіге (Клиентке) жеке дайындық деңгейіне сәйкес келетін топтық бағдарламаларға қатысуды ұсынады. Тапсырыс берушінің хал-жағдайы нашарлаған жағдайда, ол бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге міндетті.

2.6. Во избежание каких-либо травм и нанесения ущерба здоровью, Исполнитель настоятельно рекомендует Заказчику (Клиенту) посещение групповых программ, соответствующих индивидуальному уровню подготовленности. В случае какого-либо ухудшения самочувствия Заказчик должен оперативно информировать об этом Исполнителя.

2.7. Жаттығулар кезінде Тапсырыс беруші (Клиент) жеке заттарын киім ауыстыру бөлмесіндегі шкафтарда сақтауға міндетті. Киім ауыстыру бөлмесінде қараусыз қалдырылған заттар үшін Әкімшілік жауап бермейді.

2.7. Во время тренировок Заказчик (Клиент) должен хранить свои вещи в шкафчиках в раздевалке. За оставленные в раздевалке без присмотра вещи администрация ответственности не несет.

2.8. Спорт кешеніндегі жаттығулар кезінде тиісті спорттық аяқ киім мен киімді пайдалану қажет. Дененің үстіңгі бөлігі жабық болуы тиіс.

2.8. Во время тренировок в Спорткомплексе необходимо пользоваться предназначенной для этого спортивной обувью и одеждой. Верхняя часть тела должна быть закрыта.

2.9. Тапсырыс беруші қауіпсіздік талаптарын, сондай-ақ жабдықтарды, залдар мен жаттығу құралдарын пайдалану тәртібін сақтауға міндетті. Жаттығуды бастар алдында нұсқаулықпен танысып, оны сақтау қажет.

2.9. Заказчик должен соблюдать технику безопасности и правила эксплуатации оборудования, помещений и тренажеров. Перед началом занятий необходимо ознакомиться с инструкцией и следовать ей.

2.10. Жаттығу алдында өткір иісті парфюмериялық құралдарды қолдану ұсынылмайды.

2.10. Перед занятием не рекомендуется использовать парфюмерию с резким запахом.

2.11. Жалпы гигиена талаптарын сақтау қажет. Міндетті түрде душты пайдалану қажет.

2.11. Необходимо соблюдать общие нормы гигиены. Обязательно пользоваться душем.

2.12. Тапсырыс беруші Спорт кешенінің мүлкіне зиян келтірген жағдайда, аталған факт расталған кезде, Тапсырыс беруші (Клиент) зақымдалған немесе

2.12. В случае причинения Заказчиком ущерба имуществу Спорткомплекса, Заказчик (Клиент) обязан возместить Исполнителю рыночную стоимость поврежденного или утраченного

жоғалған мүліктің нарықтық құнын Орындаушыға өтеуге міндетті.

2.13. Тапсырыс беруші Спорт кешенінде белгіленген ережелерді сақтауға міндетті.

**2.14. Спорт кешенінің аумағында тыйым салынады:**

1) Темекі шегуге, Спорт кешенінде мас күйде болуға, спирт ішімдіктерді, есірткі құралдарын және тыйым салынған дәрілік заттарды тұтынуға және сатуға;

2) Кез келген қару түрін, есірткі құралдарын және улағыш заттарды, жаппай қырып-жою қаруын, радиоактивті және биологиялық белсенді заттарды алып келуге және сақтауға;

3) Спорт кешенінің аумағына тамақ өнімдерін алып келуге, сондай-ақ әкелінген тамақ өнімдерін киім ауыстыру бөлмелерінде немесе Спорт кешенінің аумағында тұтынуға;

4) Спорт кешенінің музыкалық және өзге де аппаратурасын өз бетінше пайдалануға;

5) Арнайы рұқсат болған жағдайларды қоспағанда, қызметтік пайдалануға арналған аумаққа кіруге;
Қатты және дөрекі сөйлеуге, балағат сөздерді қолдануға, сондай-ақ клиенттердің тыныш демалуына кедергі келтіруі мүмкін әрекеттер жасауға;

6) Спорт кешені Әкімшілігімен келісілмеген кез келген жария іс-шараларды (әртүрлі үлгідегі парақшаларды тарату, жарнамалық акциялар өткізу және т.б.) өткізуге;

7) Спорт кешенінде жаттығулар аяқталғаннан кейін жалға беруге арналмаған шкафтарда жеке заттарын қалдыруға.

имущества, если данный факт подтвержден.

2.13. Заказчик обязан соблюдать правила пребывания в Спорткомплексе.

**2.14. На территории Спорткомплекса запрещается:**

1) Курить, находиться в Спорткомплексе в нетрезвом состоянии, употреблять и продавать спиртные напитки, наркотики и запрещенные медикаменты;

2) Приносить с собой и хранить любой вид оружия, наркотические и отравляющие вещества, средства массового поражения, радиоактивные и биоактивные вещества;

3) Приносить пищу на территорию Спорткомплекса, употреблять принесенную с собой пищу в раздевалках или на территории Спорткомплекса;

4) Самостоятельно использовать музыкальную и другую аппаратуру Спорткомплекса;

5) Входить на территорию, предназначенную для служебного пользования, за исключением случаев, когда имеется специальное разрешение;
Громко и агрессивно разговаривать, использовать ненормативную лексику и делать все то, что может помешать спокойному отдыху клиентов;

6) Проводить любые публичные акции, не согласованные с Администрацией Спорткомплекса (распространение разного рода листовок, проведение рекламных акций и др.);

7) Оставлять свои вещи в шкафчиках, не предназначенных для аренды, после окончания тренировок в Спорткомплексе.

NIS ARENA

**Жария оферта шартына**
**№ 2 қосымша**
**Приложение № 2**
**к Публичному договору оферты**

**«NIS Ақпараттық технологиялар және қызмет көрсету орталығы» жеке мекемесі**
**Частное учреждение «Центр информационных технологий и сервиса NIS»**
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1
info@c.nis.edu.kz.

**ЖК/ЖШС атауы, жеке тұлға үшін** – ТАӘ
**от Наименование** ИП/ТОО, для **физ. лица** ФИО
**Мекенжайы**:тіркелген/нақты/тұрғылықты Мекенжайы
**Адрес**: Адрес регистрации/фактический/проживания
**Телефон**: ________________________

**ТІРКЕУ НАСАНЫ (Өтінім)**
**РЕГИСТРАЦИОННАЯ ФОРМА (Заявка)**

Шарт жасалған күн /Дата заключения договора «____» ______________ 20___ г.

Заңды тұлғаның ТАӘ/атауы ФИО/Наименование юридического лица
ЖСН/БСН ИИН/БИН
Басшының ТАӘ ФИО руководителя
Тіркеу/орналасқан жері Адрес регистрации/местонахождения
Банк деректемелері Банковские реквизиты
Өкілі / Представитель – Телефон- Электрондық пошта /Электронная почта
Шарттың мерзімі /Срок договора
Қажетті келу кестесі / Желаемый график посещений
ҚҚС-пен қызметтердің құны /Стоимость услуг с НДС

| | |
|---|---|
| Тапсырыс беруші қызмет алушылар үшін міндетті заңды күші бар, Орындаушының Интернет-ресурсында орналастырылған Жария Шарттың талаптарымен келіседі ( https://cits.nis.edu.kz/). | Заказчик соглашается с условиями Публичного Договора, имеющего обязательную для получателей услуг юридическую силу, размещенного на Интернет-ресурсе Исполнителя ( https://cits.nis.edu.kz/). |
| **Осымен Тапсырыс беруші растайды:**<br>– NIS ARENA **Жария** шартымен және Ережелерімен танысқанын;<br>– NIS ARENA қызметтер көрсетуге арналған **Жария шартының барлық талаптарымен** толық көлемде келісетінін (бұдан әрі – Шарт);<br>– NIS ARENA қызметтерін пайдалануға келісетінін, сондай-ақ Шарт мәтіні бойынша қарсылықтары мен ескертулерінің жоқ екенін; | **Настоящим Заказчик подтверждает**:<br>-ознакомление с **Публичным** Договором и Правилами NIS ARENA;<br>-согласие со всеми **условиями Публичного** Договора оказания услуг NIS ARENA, в целом (далее – Договора);<br>-согласие на получение услуг NIS ARENA, а также отсутствие возражений и замечаний по тексту Договора; |

| | |
|---|---|
| – қолданылатын талаптармен танысқанын, мазмұнын түсінетінін, олармен келісетінін және сақтауға міндеттенетінін;<br>– Шартқа тұтастай қосылатынын;<br>– Тапсырыс берушінің NIS ARENA Әкімшілігі алдында жауапты болатын тұлғалардың Шарт талаптары мен клуб Ережелерінің талаптарын сақтауына жауапкершілік алатынын. | -ознакомление с применимыми условиями, понимает их содержание, выражает свое согласие с ними и обязуется их выполнять;<br>-присоединяется к Договору в целом;<br>-ответственность за соблюдение условий Договора и требований Правил клуба лицами, за которых Заказчик отвечает перед Администрацией NIS ARENA. |

---

Аты-жөні, ЖШС/ЖК атауы, күні, мөрі ФИО, Наименование ТОО/ИП, дата, печать

Осымен NIS Arena әкімшілігі ол үшін міндетті күші бар NIS Arena-дағы Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету үшін шарт жасасуды растайды.

Настоящим, Администрация NIS ARENA подтверждает заключение Договора для оказания услуг Заказчику в NIS ARENA, имеющему обязательную для него силу.

---

NIS ARENA

# NIS ARENA

**Жария оферта шартына**
**№ 3 қосымша**
**Приложение № 3**
**к Публичному договору оферты**

**NIS ARENA Turkestan**

**Жұмыс кестесі және қызмет бағасы/График работы и стоимость услуги**

**Күнделікті/Ежедневно 07:00 - 24:00**

| **Балаларға арналған футбол (газон) бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру үшін (16 жасқа дейін) / Для организации учебно-тренировочных мероприятий по футболу (газон) для детей (до 16лет)** | | | |
|---|---|---|---|
| **Жұмыс режимі / Режим работы** | | 08:00 - 20:30 - Дс/Пн; Сс/Вт; Ср/Ср; Бс/Чт; Жм/Пт; Сн/Сб; Жс/Вс | |
| **Қызметтер бағасы/ Стоимость услуг** | | | |
| № | Уақыт/ Время | 1 сағат үшін / за 1 час | 1,5 сағат үшін / за 1,5 часа |
| 1 | 08:00-10:00 | 18 000,00 | 27 000,00 |
| 2 | 10:00-12:00 | 20 000,00 | 30 000,00 |
| 3 | 12:00- 20:30 | 23 000,00 | 30 000,00 |

| **Балаларға арналған футбол, волейбол және баскетбол (паркет) бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру үшін (16 жасқа дейін) / Для организации учебно-тренировочных мероприятий по футболу, волейболу и баскетболу (паркет) для детей (до 16лет)** | | | |
|---|---|---|---|
| **Жұмыс режимі / Режим работы** | | 08:00 - 20:30 - Дс/Пн; Сс/Вт; Ср/Ср; Бс/Чт; Жм/Пт; Сн/Сб; Жс/Вс | |
| **Қызметтер бағасы/ Стоимость услуг** | | | |
| № | Уақыт/ Время | 1 сағат үшін / за 1 час | 1,5 сағат үшін / за 1,5 часа |
| 1 | 08:00-20:30 | 15 000,00 | 22 500,00 |

# NIS ARENA

**NIS ARENA Turkestan**

**Жұмыс кестесі және қызмет бағасы/График работы и стоимость услуги**

**Күнделікті/Ежедневно 07:00 - 24:00**

| **Ересектерге арналған футбол, волейбол және баскетбол бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру үшін / Для организации учебно-тренировочных мероприятий для взрослых** | | | |
|---|---|---|---|
| **Қызметтер бағасы/ Стоимость услуг** | | | |
| № | Спорт алаңының түрі / Вид спортивного поля | Жұмыс күндеріндегі, 1 сағат үшін / за 1 час, в рабочие дни | Демалыс күндеріндегі, 1 сағат үшін / за 1 час в выходные дни |
| 1 | Газон | 35 000,00 | 35 000,00 |
| 2 | Паркет | 20 000,00 | 20 000,00 |

**Үлкен теннис бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру үшін /**
**Для организации учебно-тренировочных мероприятий по большому теннису**

| **Жұмыс режимі / Режим работы** | 07:00 - 24:00 - Дс/Пн; Сс/Вт; Ср/Ср; Бс/Чт; Жм/Пт; Сн/Сб; Жс/Вс | | |
|---|---|---|---|
| **Қызметтер бағасы/ Стоимость услуг** | | | |
| № | Уақыт/ Время | 1 сағат үшін / за 1 час | * Ескерту / Примечание |
| 1 | 07:00-24:00 | 10 000,00* | -теннис кортына тәулігіне 14 сағаттан артық бару қызметіне тапсырыс беру кезінде құны 1 сағат үшін 5000 теңгені құрайды / -при заказе услуги посещения теннисного корта на более 14 часов в сутки, стоимость составит 5000 тг за 1 час |